

Мәдениет пен өркениет арақатынасының тарихы мен даму логикасы

Дағарова Ж.У.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

В статье рассматривается история и логика развития взаимоотношений культуры и цивилизации. Автор, опираясь на философские идеи западных мыслителей, характеризует кризис человеческого духа в нашем обществе. В современном мире, где утрачены основы моральных ценностей, для сохранения этических основ культуры, для поднятия национального духа, духа народа, автор предлагает, в первую очередь, сформировать историческое сознание народа, опираясь на наследие прошлого. Без прошлого невозможно сохранить человеческое в человеке, так как прошлое вечно, а настоящее и будущее временно.

The article examines the history and logic of the relationship of culture and civilization. The author, based on philosophical ideas of Western thinkers, describes the crisis of the human spirit in our society. In today's world, where the lost foundation of moral values, to preserve the ethical foundations of culture, to raise the national spirit, the spirit of the people, building on the legacy of the past in the article the first form the historical consciousness of the people. Without the past can not save the human in man, since the past forever, but the present and future tense. Attention to the specifics of philosophical knowledge and correlates it with other forms of social consciousness — science, religion and art.

Мәдениет пен өркениет арасындағы арақатынастың даму логикасы мен тарихын қарастыру үшін бірнеше кезеңдерді бөліп алып қарастырамыз. «Өркениет» ұғымы тұңғыш рет алғашқы қауымдық қоғамның орнына келген тарихи кезеңге қатысты қолданылған болатын. Мәдениет пен өркениет арақатынасы алғаш рет мәдениетті адамның индивидуалдық-тұлғалық шығармашылық мүмкіндігімен, ал өркениетті азаматтық қоғамның тарихи процесімен байланыстыра бастаған Қайта өрлеу кезеңінен көрініс тапты. Ағартушылық кезеңде мәдениет өмірдің индивидуалдық-тұлғалық және азаматтық қоғамның құрылымы деп қаралып, осыдан мәдениет пен өркениеттік даму процесі бір-бірімен сәйкестендірілген болатын. «Өркениет» терминін еркіндік, әділдік, құқықтық тәртіп орнаған азаматтық қоғамды, яғни қоғамның белгілі бір сапалық көрсеткіштерін, оның дамуының дәрежесін белгілеу үшін француз ағартушылары енгізген болатын. Кейін Л.Морган мен Ф.Энгельс өркениетті варварлықтан кейін келген, қоғамдық құрылыстың реттелуімен сипатталатын, сондықтан да оны қоғамның жоғары сапалы даму сатысы деп қарастырды. Бірте-бірте мәдениет жайлы өркениеттің рухани мазмұны, өркениеттің рухы деген ой қалыптасуда, мәдениет пен өркениеттің бір-біріне келіспейтіндігі айқындалды. Мысалы, Ю.В.Яковец өркениетті «адамның өзінің, қоғамның технологиялық және экономикалық базасының, әлеуметтік-саяси қатынастар мен рухани әлемнің белгілі бір даму деңгейімен анықталатын қоғам тарихының сапалы кезеңі» деп түсінді [1].

Жалпы, мәдениет терең әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді тудырушы күш ретінде қоғамның жаңаруында басты рөлді атқарады. Дегенмен, қазіргі кезде мәдениеттің ғаламдық өркениеттің келешегінде алатын орны дау тудырмайтын мәселе. Кейбір ғалымдардың ойынша, қоғам ортақ траекториясынан айрылған дербес дамушы өркениеттер мен мәдениеттердің жиынтығын құрайды. Осы тұрғыдан алғанда өркениет дегеніміз — мәдени тұлғалық, дара сипатқа ие халықтардың өзіндік тарихы. Әлемдік жалпы адамзаттық өркениет дегеніміз — ол батыстық экономикалық жүйенің негізінде қалыптасқан адамдардың жүйеленген тұлғасыз қауымдастығы емес, керісінше, ол халықтардың өзіндік сипаты мен дара қайталанбас табиғатын сақтай алған сан қырлы ортақтық. Оның ең негізгі сипаттамасы мәдениет аралық және өркениет аралық даналыққа негізделген ғаламдық біртұтас мәдени кеңістік болып табылады. Мәдениет өзінің кең мағынасында бір ұрпақтан келесі ұрпаққа жолдаған өмір сүру тәсілі болғандықтан, осы жалғастықты, мұрагерлікті жүзеге асыратын салт-дәстүрлер жүйесі мәдениет өзегін құрайды.

Мәдениет — ол адамның әлемі. Мәдениет көріністерінен адамдық парасат, ақыл, ой, ізгілік пен әсемдік заттандырылып, игіліктер дүниесі пайда болады, осыдан мәдениет адамды тұлға деңгейіне дейін көтеретін негізгі құрал болып саналады. Адамды қоршаған заттар, дүниелер — бұл мәдениеттің сыртқы көрінісі ғана, оның мәні руханилықты адам әрекетінің нәтижесінде заттандыруында жатыр.

Мәдениеттің ішкі мәні қоғамдағы өмір сүріп жатқан адамдардың өзіндік санасында, парасаттылық сезімдерінде және рухани ізденістерінде айқындалады. Мәдениетте адам ғажап биік-

биік деңгейге көтеріледі, мәдениет адамның өмірі, адамнан бөлінген, адам өлгеннен кейін де тірі болатын оның шығармашылығы. ХХІ ғ. басындағы қоғамдық санада адамзат қауымы үлкен өзгерістің алдында тұр деген пікірлерді жиі кездестіреміз. Бұған дәлел ретінде біздің ғасырымызда бой көтеріп жатқан жалпыадамзаттық құндылықтардың төмендеуі, әлеуметтік, адамгершілік шеңберіндегі экономикалық және зияткерлік берекесіздіктер, әр түрлі революциялар сияқты катаклизмдерді ғана, сонымен бірге бұған себеп ретінде қоғамдағы глобалды дағдарыстарды, алда келе жатқан экологиялық катастрофаларды, ресурстардың құруы, нашақорлықты да жатқызамыз.

Осыған байланысты В.М.Массон, Л.Н.Гумилев, Н.Я.Данилевский, Л.Фебр, К.Ясперс, П.Сорокин, А.Тойнби, О.Шпенглер сияқты ойшылдар мәдениет пен өркениеттің табиғаты мен тағдыры жөнінде ойланып-толғанып, нақ осы мәселені өз еңбектерінің өзегі еткен болатын. Көптеген әлеуметтанушылар, саясаткерлер, мәдениеттанушылар мен философтар осы жаңа ғаламдық өркениеттің қалыптасуымен байланысты пайда болған қайшылықтарды сезінген.

Адамдар менталитеті де өзгеріске ұшырады, ХV ғ. ІІ-ші жартысында Иоганн Гуттенбергтің ойлап тапқан баспа станогы өзіндік дүниетанымға сүйенген, өзіндік көзқарасы бар көрермендер мен тыңдармандарды дүниеге әкелсе, электрондық техника бет-бейнесіз жалпы тобырды, яғни бұқараны, тудырды, осыдан бұқаралыққа жол ашылды. Сол себепті көп ойланып толғануды, өзіндік сананың рефлексиясын қажет ететін процестер бірте-бірте ұмыт қалды. Біздің ғасырымыздың 20-шы жж. П.Сорокин мәдениет типінің ауысу мен алмасу процесінде болатын қайшылықты былай суреттеген болатын: «Батыс қоғамының мәдениеті мен салт-санасы және өмірі күрделі дағдарысты басынан кешіруде. Батыс қоғамының тәні де рухы да ауруға шалдықты. Біз көз алдымызда ғайып болып бара жатқан кешегі сезімдерге толы нұрлы да сәулелі мәдениетіміз бен болашаққа ентелеп келе жатқан идеационалдық мәдениет сияқты екі дәуірдің ортасында тұрған сияқтымыз», — дейді ойшыл [2].

Осы сияқты біздің қазіргі сүріп отырған мәдениетіміз оба дертінің уақытында тойға жиналған адамдардың мәдениетінде, яғни иммунитеті әлсіз күйдегі мәдениетте, өмір сүріп отырғандаймыз. Бұл екі дәуірдің ортасындағы мәдениетіміз үстіртін, пайымдау қабілеті әлсіздеу, ешқандай жоғарғы мақсаттарға ұмтылмайды, тек материалдық жетістіктерге жетудегі әдістер мен тәсілдерді көздейді. Біздің бұрынғы өткеннен мұра болып келе жатқан құндылықтарымыздың толығымен терістелу шеңберінде жүзеге асырылатын мәдениетімізде екіжүзділік, өтірік айтушылық, өнегесіздік және тәртіпсіздік тәрізді қасиеттер орын алуда. Өйткені ешқандай моральдік құндылықтар жаңадан жанданып жатпағандықтан, мәдениетіміз этикалық, яғни адамгершілік, негіздерінен айрылып қалған. Хосе Ортега-и-Гассет батыс тарихының басынан кешіп отырған ауыр дағдарысына назар аударып, Еуропа қоғамының барлық топтарында бірте-бірте бір ғажап феномен, яғни бір құбылыс, жайылуда деп, оны ол өмірлік бағыттан айрылу деп атады. Кеше ғана біздің өмірлік кеңістігіміздің құрылымына айқындық беріп тұрған ұлы мақсаттарымыз күңгірттеніп, өзінің тартымдылығы мен бізге деген құдіреттілігін жоғалтып алғандай, ал олардың орнына келетін нәрселердің де белгісіз болып отырған жағдайын басынан кешіп отырған дәуіріміздегі адамның аяқ басуы да сенімсіз, өйткені ол бағыт-бағдар ұстайтын белгілерден айырылған, олардың өзі орнықты емес дейді.

Жүретін жолдың өзі солқылдақтанып, құрдымға кетіп бара жатқандай. Еуропаның санасы дәл осындай қалыпта. Батыстың адамы айқын көрінетін бағытсыздық (дезорентация) ауруына шалдықты. Ол енді қай жұлдыздың сілтеуімен жүретінін білмей қалды. Хосе Ортега-и-Гассет айтқандай, адамзат қазіргі заманда тек өздерінің тәндік қажеттіліктерін ғана көздейтін тобырға айналды [3; 223]. Мұндай адамдар өздерінен еш нәрсені талап етпейді, өздерін кемел санайды. Осындай адамдардың көбеюінен мәдениетіміз де бұқаралануда дейді. Бұқаралық мәдениет Батыста ХХ ғ. 50-ші жылдарынан бастап қарастырылуда. Бұқара мәдениетін зерттеушілердің қатарына америкалық әлеуметтанушылары Д.Белл, Б.Розенберг, Э.Шилз, М.Маклюэн және Т.Адорноны жатқызамыз. Жалпы, бұқара мәдениетінің қалыптасуын белгілі бір жағдайлармен түсіндіруге болады. Мұнда халықтың өсімі шапшаң дамиды, бұқара халық тарихи аренаға шыға бастайды, қалалардың саны, оның ішінде мегаполистердің саны өседі, бұқара халықтың өмір сүру деңгейлері де жоғарылайды және осыған байланысты «орта таптардың» саны ұлғаяды, қызмет ету, бұқаралық ақпарат құралдары мен коммуникация салалары дамиды, демалыс орындарының сфералары кеңейеді. Нақ осындай сипаттарды тұжырымдай келіп, бұқара мәдениетін «жоғарғы халықтық тұтыну» сатысына қол жеткізген постиндустриалдық қоғам, немесе капиталистік қоғамның, мәдениеті деп айтуға болады.

Алайда қоғамдағы басты мәселе өндіріс емес, тұтыну болып табылғандықтан, мұнда өндіріс мәселелері шешілген, қоғам материалдық игіліктерден ешқандай жетіспеушілік көрмейді, сондықтан

адамдардың мүдделері тек тұтынуды ғана көздейді. Кейбір әлеуметтанушылар мен философтар тұтыну қоғамының пайда болуын тарихтың ақырымен түсіндіреді. Шындығында да мұндай жағдайда өмір сүрген адамдардың өз энергияларын қайда жұмсарын, қайда бағыттарын білмейді. Тіпті бұқаралық мәдениеттегі тобырдың геройлары мен идеялары белгілі бір саясаткерлер де, ғалымдар да, жауынгерлер де емес, қайта актерлер, рок-әншілер мен музыканттар бола бастады. Бұқаралық мәдениет ең алдымен адамның санасыздығына, оның инстинктеріне бағытталған, яғни бұл киял, мұң өнері, кино, радио, теледидар, иллюзия таратып, елес сияқты мәдениетті тудырады. Бұқара мәдениеті адамдардың ойлау процестерін жеңілдеткені соншалықты, ақыр аяғында оның санасын да сөндіреді.

Мұндай бұқаралық мәдениет қазіргі заманғы адамның зорығуынан, іші пысуынан және бір уақытта осындай жағдайдан шығудың ұмтылысы ретінде көрініс береді. Жалпы еуропалық мәдениет адамзат рухының дағдарысқа ұшыраған күйінің салдары ретінде пайда болады деп жазған болатын неміс философы Э.Гуссерль. Ал жалпы еуропалық мәдениеттің философиялық-этикалық негізі натурализммен, прагматизмнің элементтерімен және позитивизммен бірлесе отырып, гедонизмді құрайтындығы көрініс табатын болғандықтан, мұнда адамның дөрекі, хайуандық жақтары басым көрсетіледі. Осы жайында, американ социологы Б.Розенберттің жазуы бойынша, бұқара мәдениеті адамдарға меңіреудің талғамдарын егеді де, оларды хайуандық сезімдерге тәрбиелейді деген болатын. Бұқара мәдениеті адамдардың ойлау процесін жеңілдетіп, оңайлатқаны соншалықты, ақыр соңында оның санасын да сөндіреді.

Осыдан адамдар жүзсіз, түрсіз, өз өмірінің мәнін де сезінбейді де. Мұндағы адамдардың сезімдері суда өзін толық қанағаттанғандық сезімде жүзіп жүрген балық секілді сезінетіндей. Яғни адамдар тек өздерінің тәндік мұқтаждықтарын қанағаттандырғандығына мәз болып, өз өмірінің мәнін осылардан тапқандай болады. Мұндай адамдарды Хосе Ортега-и-Гассет бұқараға тенеп және қоғамдағы бүкіл биліктің соларға көшкенін көрсетіп, мұндай адамдардың қоғам түгіл, өз тағдырын билеуге қабілетсіз екенін айтады. Таңдаулы тұлғалардың да орнын біртіндеп бұқара басуда, бұқара дегеніміз — ешбір ерекшелігі жоқ тобырлар, яғни орташа адамдар. Мұндай адамдар өздерін жақсылықта да, жамандықта да ерекше өлшеммен өлшемейтін, керісінше, жұрт қандай болса, мен сондаймын деп сезінетін және оған еш өкінбейтін, өзіне осыны медеу тұтатын, яғни «Көппен көрген ұлы той» деп жүретін, әлдебіреуді айтамыз.

Сонымен бірге бұл адам мойнына ешқандай парыз бен міндетті жүктемей, өзінен ешнәрсені талап етпей, өмірдің ағымымен жылжып жүреді, яғни өмірлік бағдарламасыз күн кешіп жатады, қайда бара жатқанын да білмейді. Мұндай адамдар өткен шақ пен болашақ туралы уайымдап, толғанбай, ол тек бүгінгі күнмен, қазіргімен ғана өмір сүреді. Мұндай адамды Абай да өзінің «Жетінші қара сөзінде»: «Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ, біздің хайуаннан еш ерекшелігіміз жоқ», — дейді. Испан философы Хосе Ортега-и-Гассет мұндай күйге ұшыраған батыс қоғамының мәдениетінен «Бәріне рұқсат» деген принципті көрді. Бұл мәдениеттің ұраны «Ойыңа не келсе, соны жаса» болып табылса, ал, П.Сорокиннің ойынша, мұндай мәдениеттің ұраны — «Пайдалы нәрселердің бәріне де рұқсат». Осы сияқты адамзат қауымына төнген қауіпті де глобалды дағдарыстардың себебін тарихшылар да, философтар да насихаттап жүр. Осындай дағдарыстардың себебін арабтың әлеуметтік философы, тарихшысы және қоғам қайраткері Ибн-Халдун түсіндіруге ұмтыла отырып, оның бірнеше себептерін көрсетеді, яғни бұған себептер мыналар. Біріншіден, кооперация үшін қоғамның бірлігі мен өздігінен ұйымдасуы үшін негіз болатын адамдар арасындағы өзара құштарлық пен ынтымақтастық сияқты қатынастардың әлсіреуі. Екіншіден, адамдардың бірлігі мен келісіміне мүмкіндік беретін дін әсерінің әлсіреуі. Үшіншіден, биліктің, яғни үкіметтің, қоғамнан жатсынуы. Төртіншіден, тирания. Бесіншіден, әділеттілік принципінің бұзылуы. Алтыншыдан, қалалық мәдениеттің деградациясы деп келтірген болатын ойшыл [4].

Нақ осындай қоғамдағы бой көтерген жағдайлардың себептерінен адамдар қалалық өмірдегі сән-салтанаттың қызығына елігіп, бұларға бейімделіп, әр түрлі ләззаттың соңына түседі. Осы сияқты мақсаттарға жетуде ол кез келген алаяқтыққа барып, жалпы халық, қалалық жерде өтірік айтуға, құмар ойындарға, бұзақылыққа, екіжүзділікке, пайдақорлыққа үйреніп-ақ алады. Батыс ойшылдары осындай қалалардың өркендеуімен байланысы бар мәдениетті өркениет деп атаған болатын. Яғни өркениет дегеніміз — қала, қалалық қоғам деп анықтама беретін О.Шпенглер де нақ қалада ғана өркениет өз ақырына дейін жүзеге асады деген болатын.

Шындығында да, қалада өмір сүру барысында біз табиғат әлемімен байланысымызды үзіп алдық. Өміріміздің іштей толымдығын да жоғалттық. Тілдесудің өзі кедейленіп, тілдесу қажеттілігінен де айрылды. Жаңа қазіргі заманымыздың мәдениетінен болмыстың мағынасыздығын,

болмыстың мәнсіздігін түйсінеміз. Орыстың діни философы Н.А.Бердяев бұл туралы былай деген болатын: «Өмір органикалық сипатын жоғалтып, табиғи тербелістермен байланысынан айрылады. Адам мен табиғаттың ортасына, адамның табиғатты бағындырғысы келген құралдары қойылған. Өркениеттің енді негізі табиғилық та, руханилық та болмай қалды, оның негізі енді машиналық». Осындай өркениет заманы адам өміріне машинаның жан-жақты енуімен, тіпті адамның руханилығының құндылығы кеміп, оның осы машинаның тетігіне айналған көріністерімен айқындалып тұр. Әрине, өркениет адам өміріне қазіргі кезде тұтынудың жоғарғы деңгейіне көтерді. Дамыған елдерде мұндай мәселелер шешілген. Бірақ адамзат үшін бұлардан басқа да маңызды руханилығының дамуына қажетті жанның тілектері бар, өйткені өркениет дәуірі тек тәннің қажеттіліктеріне ғана жауап беретіндей. Н.А.Бердяев болса, мәдениеттің жаны болады деп мұндай жаны бар мәдениетті өркениетке карама-қарсы қояды. О.Шпенглер де мәдениетті жанның жүзеге асырылғандағы символикалық түрде көрініс беретін мәндік жүйесі деп қарастырған болатын, яғни мәдениет тілдесуді, сезінуді, іштесуді, ұғынуды қажет ететін жанға ие.

Әрбір мәдениеттің негізінде жатқан жан болғандықтан, мәдениет дегеніміз — осы жанның жүзеге асырылған мәні. Ал осы жанның түгесілуінен мәдениет өліп, мән болса, адамдарды шабыттандырудан қалады. Өркениет дәуірінде мәдени құндылықтарды жүзеге асыруға емес, қайта өмірді жабдықтауға, утилитарлық мақсатқа бағытталған. Яғни мақсатқа қол жеткізген соң, ішкі мүмкіндіктер біткен соң мәдениет жансызданып, өз күшінен айрылады. Ал адамдарға осындай өмірді әлеуметтік және техникалық тұрғыдан жабдықтап берген өркениетті О.Шпенглер мәдениеттің өлуі деп қарайды. Мәдениетіміз адамзат жанымен өте терең де жақын, қадір-қасиетті сабақтастықта болса ғана өмір сүреді екен. Мәдениеттің жаны өз-өзімен, өздігінен емес, мәдениеттегі белгіленген құндылықтармен және ондағы мәнмен өмір сүретін адамдардың жандарына ғана ұялайды екен.

О.Шпенглер қазіргі заманымыздың өркениетінің жетістіктерін терістемейді, бірақ өркениет шынайы мәдениетті ығыстырып жібереді деп ескертеді. Өркениет дәуірінде философия мен өнерге ешқандай қабілеттері жоқ, тек материалдық құндылықтарды ғана көздеген хайуандық инстинктері басым жансыз адамдар көбейеді. Адамдар өркениеттің жетістіктерін тек пайдаланумен ғана шектеліп, өздерінің рухани мүмкіндіктерін жоғалта бастап, тек тәндік қажеттіліктерін қанағаттандыруды, пайданы ғана көздеген адамдар саны өсті. Мұндай құбылысты түсіндірген О.Шпенглер: «Мәдениет — бұл организм сияқты, ал әлемдік тарих — бұл осы организмнің коллективтік, ұжымдық биографиясы», — деді [3; 295].

Ағылшын тарихшысы және әлеуметтанушысы А.Тойнби де бүкіл дүние жүзінің тарихын: туу, өсу, күйреу, іріп-шіру және құру фазаларынан өтетін өркениеттердің тізбегі ретінде қарады. Ол қоғамдағы творчестволық қызметпен айналысушы азшылықтың азаюынан өркениет дәуірі басталады, яғни творчестволық қызметпен айналысушы азшылықтың жасампаздық күші әлсіреп, көпшілік қауымы осы тандаулы азшылыққа еліктеуден бас тартып, осыдан қоғамдағы әлеуметтік бірліктің құлдырауынан басталған өркениет дәуірінде адамдардың мінез-құлқы мен менталитетінде де жіктер көрініс береді дейді. Қоғамның басынан кешіріп отырған мұндай дағдарысынан шығудың жолын қарастыра келіп, дағдарыстан құтқарушының төрт түрлі типтерін көрсетеді, олар: архаикалық, футуристік, ерік жігері күшті стоектер және құдай әлемімен байланысы бар діни құтқарушы. Оның ойынша, тарих адамдар арқылы дамиды, тарих адами жүзге, адами сипатқа айналады.

Тарихтың мәні ондағы адамдардың рухани, әлеуметтік және эстетикалық сияқты құндылықтармен, жалпы алғанда адамзаттың тарихи тәжірибесімен сабақтастықта, бірлікте дамуында. Тарихи процестің осы адами, тұлғалық мазмұнын көрсете отырып, Тойнби христиандық философиялық көзқарастың негізгі принциптеріне де назар аударды. Ол тарихты Логос, яғни әлемдік ақыл-ой, басқарып тұр, осы Логос пен адамзаттың өзара қатынасы тарихи процестің мәнін құрайды деп тұжырымдайды. Тарихта адам өзін-өзі танып, өзінен әлемдік Логосты да таниды. Жалпы алғанда, А.Тойнби тарихи процестің «еуроцентристік», немесе «батыстық», схемасын қолдамайды. Өркениет концепциясын да өз негізінде жалған деп санап, белгілі бір қоғамның рухани негіздерінің дамуы мен өмірлік ортаны меңгеру деңгейімен ғана мәдениет тіршілік ете алады дейді.

Сонымен, жалпы алғанда, адамзат қауымының аяқ басып отырған ХХІ ғасырдағы мәдениетінің тағдыры, М.Шаханов айтқандай, тамырсыздық індетіне ұшырап отыр. Рухани байлықтарымыз құнсыздалуда, А.Камю пікірінше, өмір мағынасызданып кетті. Ал бұдан шығу үшін жалпы адамзаттың рухының құлдырау кезеңдерін көз алдымызға елестете отырып, өткенге, рухани қайнар бұлағымызға, шегініс жасап, ұлттық рухты көтеруге назар аударуымыз керек, өйткені рух дегеніміздің өзі — жалпы адамзаттың, яғни халықтың, сонау көне заманнан бүгінге дейін

калыптасқан дүниеге деген творчестволық көзқарастарынан туған адамның өзіндік санасының ең жоғарғы формасы.

Өзіміздің даналық рухымыз бен өрелі даму жолымызды және тарихымызды философиялық негізде талдау аса қажетті мәселе болып табылады. Өйткені философия бүкіл адамзаттың рухын танудың бірден-бір жолы. Ал жекелеген адамдар үшін философия өзіндік сананың ең жоғарғы формасы болып табылғандықтан, нақ осы өзіндік сана, өзін-өзі тану арқылы ғана әрбір жеке тұлға өз халқының рухани дүниесіне зер салып, содан бойына нәр алады. Ал өнер, тіл, дін, яғни мәдениеттің барлық формалары, рухты дамытуға, оның мәнін ашуға бағытталған сара жол болып табылады. Осыған байланысты Т.Әбжанов өзінің «Қазақ рухының философиясы» деген еңбегінде рух философиясына назар аударып және оның аса қажет екендігін атап көрсетеді [5]. Осыдан қазақтың рухының қайнар бұлағы мен көзі қайда деген мәселеге қарай шегініс жасайды. Ал бұл мәселенің мәнісі неде десек, рух, ең алдымен, қазақ өмірімен, оның болмысымен, шаруашылық-тұрмыстық жағдайымен, саяси-әлеуметтік ахуалымен, тарихи қызметімен тығыз байланысты. Рухтың қайнар көздері мен негіздері мынада:

- халқымыздың бойына біткен тәлім-тәрбиелік даналығында;
- халқымыздың керемет бай, әрі терең ойлы асыл қазынасы — тілінде;
- халқымыздың басқа елдермен салыстырғандағы қайталанбас төл тума өнерінде.

Мұндағы қазақ халқының ерекшелігін көрсететін, яғни, әлемді таң қалдыруға шамасы келетін сөз өнері, шешендік өнері, ақындық өнері, ән және музыка өнері. Басқа халықтарда кездесе бермейтін күй өнері және шеберліктің шыңына жеткен қолөнері; халқымыздың әрдайым айтылып, даналығына негіз болған терең ойлы мақал-мәтелдері мен аңыз әңгімелері; халқымыздың жүрегінің адалдығына, ар-ұжданының беріктігіне және адамның рухани дамуына әсер ететін дінінде.

Осы жоғарыда айтылған қазақ рухының қайнар бұлағының көздері ешуақытта да сарқылмайтын болып, келешекте де, әрі қарай өркендей беретін, мазмұны терең формалары сан қилы процесс. Ал енді осы процестің мәнін тереңірек түсініп, ондағы даналықты бойға сіңіру үшін осы рухтың күрделі де қайшылыққа толы тарихи жолдарына талдау жасауымыз керек. Халықтың рухын, ұлттық рухты көтеру үшін ең алдымен халықтың тарихи санасын қалыптастыру керек дейді. Осыған байланысты Дж.Вудберри былай деген болатын: «Ғалымның ой-зердесі білімді меңгеруі мүмкін, ал даналық дегеніміз — халықтың тірлік тынысы».

Адам өткеннен көмек сұрауы керек, өйткені адамның дамуы дегеніміз — оның бүкіл өмірінің негізіндегі өткеннің өсуі. Нақ осы өткенімізді сақтап, жинақтау адамның шынайы дамуының ерекшелігіне әкеледі. Өткеніміз — ол біздегі сақталып, жинақталып қалған уақыт. Уақыттың осындай ойда ұсталып қалған бөлігі сол дәуірдің адамдарының өмірі мен қызметімен байланысы бар оқиғалармен және құбылыстармен толықтырылған.

Қазіргі шағымыз өткен шақта үнемі жоғалып, соған еніп кетіп отырады да өткен шақ қазіргі шақта сақталып тұрады. Өткен шақ қазіргі шақта жанданып, бүгінгіні жандандырады. Адамның өткені толыққанды болған сайын оның дамуы да жоғарылайды. Өткеніміз мәңгі, ал келешек пен бүгінгіміз өткінші. Жалпы, өзінің өткенінен, яғни жадысынан, айрылған адам адам болудан қалып, өзінің биологиялық қайнар көздеріне жақындайды. Шын мәнінде де қазіргі шақ өткен шақпен бірге беріледі. Қазіргі мен өткенді бөлуге болмайды. Жаңа дәуірге дейінгі қоғамның байырғы формасында, яғни қауымдық қоғамдағы, адамдардың уақыт туралы түсініктері мен сезімдерін үнемі жаңартып отыруға бағытталмаған, керісінше, оларға қалыптасқан дәстүрлі қатынастарды үнемі қайталап отыру бірден-бір оң нәрсе болып көрінген.

Уақыт сонымен бірге табиғи процестермен ғана емес, тарихи үрдістермен де байланысты. Мысалы, ХХ ғасырдың логикалық позитивизм өкілі Г.Рейхенбах физика ғылымының жетістіктерінен «уақыттың ағыны тек өткеннен келешекке қарай жылжиды» деп тұжырымдаған болатын. Ал дұрысында, уақыт өткеннен келешекке қарай ғана емес, келешектен өткенге қарай да жылжиды, ол тіпті айнымалы қозғалыс жасауы мүмкін. Бүгін әрқашан өткеннің бүгіні, әрі қарай келешектің бүгіні, ол өткен мен келешекті ажыратып емес, сабақтастырып тұрады, екеуінің арасындағы көпір сияқты. «Өткен ешқашан оралмайды» деген Рейхенбахтың пікірінен өткен нәрсе ешқашан болмаған, ол мүлдем жоқ дегенді білдіреді. Ал олай болса, бүгін қайдан шықты, онда бүгін де, ертең де жоқ, мүлдем уақыттың жоқ болғаны. Уақыт жоқ болса, қозғалыс та, өмір де жоқ. Ал адамның психикасы, санасы мен жан дүниесі үшін ол оның жадысы жоқ деген сөз. Яғни ол өзінің кім екенін, басқалардың, қоршаған дүниенің ол үшін кім, не екендігін және олар үшін кім немесе не екендігін білмейді де, сезбейді де. Ол адамдық қасиеттерден мақұрым. Бұл өткеннің, болғанның бізде, болмыста ешбір із

қалмағаны. Онда болғанды еске түсіру, оны ой мен сезім жүзінде болса да, қайта бастан кешіру де болмайды. Психиканың, ойлаудың, жалпы «Меннің» тұтастығы жойылады. Яғни Ш.Айтматовтың романындағы өз анасын танымай өлтірген мәңгүрт ұл ең алдымен жадысынан айрылады, өз жадында уақыттан айрылу дегеніміз санадан айрылумен тең. Сондықтан уақыт кері бұрылмайды деу ол тек бір бағытта деп түсіну қозғалыстың тек сыртқы формасын ғана аңдаудан шығады. Жалпы мәдениет дегеніміз, өз-өзін ұғынып, танудағы адамзат дамуының тарихи және оны ұғынуда адам үздіксіз тәжірибе жинауда болады. Мұнда адам өзінің қатыстылығын ұғыну үшін тарихи творчествоның тура процестеріне қайта-қайта шоматын болғандықтан, мәдени жады да тарихи негізде көрініс беруі мүмкін. Бұл тарихты уайымдау тәжірибесі, яғни, келешектің бүгінге, бүгіннің келешекке айналуы сияқты, уақытша процестер.

Негізінен мәдени жадының басты ерекшелігі тарихи жады ретінде өткенді құтқаруға бағытталған. Сондықтан өткеннің, өткен дәуірдің болмыс елеске батып кетуімен, естен шығарушылықпен саналы түрде күресу керек. Ал жануарлар болса, өз тегінің өткенін, өткен дәуірін білмейді. Осыған байланысты қалыптасқан түсініктер бойынша, жады мен сана-сезім бір. Мәдени жады дегеніміз — өткенді менің тәнімнің реакциялары және іздерімен сабақтастыру емес, қайта менің санамның қабылдауы мен санадан қалған әсерімен сабақтастыру. Бірақ адамдық меннің өзі тектің жемісі болып табылады. Адамзат мәдениетінің жемісі дегеніміз — бұл тек жадысының ерекше формасы. Бұл жадының жануарларға тән формасы болып табылатын инстинктердің орнына келген «тек жадысының» ерекше адами формасы.

Адамның мұндай мендігі, сана-сезімі туғаннан пайда болмайды, бұл жүре келе болатын процесс. Өткеніміз бізге өзіміздің адамдығымызды сақтау үшін керек. Мысалы, білімде де өткенді қопару арқылы жаңа таным мен жаңа маман пайда болады. Сонымен өз өткенінің жадысынан айрылған адам әлемдегі өз орнын қайтадан анықтау қажеттілігінің алдында бетпе-бет келіп тұр, өйткені ол өз халқының тарихи тәжірибесінен мақұрым қалғандықтан, тек бүгінгі өмірмен ғана өмір сүруге қабілетті, яғни өмірлік бағыт-бағдарынан айрылған. Ал өткеніміз болса, біздің санамызда, жүрегімізде, тілімізде, бізбен бірге әрдайым бірге болуы керек. Ата-бабалардан қалған рухани мұра мәдениетіміздің тірі жаны болып есептеледі. Сонымен, рух дегеніміз — халқымыздың сонау көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі қалыптасқан дүниеге деген творчестволық көзқарасынан туған өзіндік санасының ең жоғарғы формасы. Себебі, Ұлттық ғылым академиясының академигі М.Қозыбаев айтқандай, рухсыз халық қара тобырға айналады. Рух — халықтың, ата-бабаның жаны. Рух туған жер, туған ел, туған тіл және ата тарих болып табылады. Рухты жан — азамат адам, рухсыз жан — тұғырсыз надан.

Әдебиеттер тізімі

1. Яковец Ю.В. Ритм смены цивилизации и исторические судьбы России. — М.: Наука, 1994. — С. 18.
2. Ерасов Б.С. Сравнительное изучение цивилизаций. — М.: Политиздат, 2001. — С. 96.
3. Хосе-Ортега-и -Гассет. Избранные труды. — М.: Прогресс, 1988. — 460 б.
4. Шпенглер О. Закат Европы. — М.: Мысль, 1982. — С. 122.
5. Әбжанов Т.Ы. Қазақ рухының философиясы. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2003. — 7-б.